Ережеп» бобекжай-балабақшасының

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАЛАРЫ 2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Бекітемін
«Ережеп» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: _____ Жумабекова К.У

2025-2026 оқу жылына арналған

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңес құру. 2. Төрағасын сайлау, құрамын бекіту. 3. Жұмыс жоспарын талқылау.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2	«Біртұтас тәрбие – адал азамат» бағытын жүзеге асыру жолдары. Балаларға адамгершілік, адалдық құндылықтарын қалыптастыру.	Қаңтар 2026	Әдіскер, тәрбиешілер
3	Материалдық-техникалық базаны нығайтуға кеңес қаражатын қолдану бағыттарын белгілеу.	Наурыз 2026	Әдіскер, тәрбиешілер
4	2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындыларын шығару.	Мамыр 2026	Меңгеруші, әдіскер

Scanned with CamScanner

«Ережеп» бобекжай балабақша

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «04» қыркүйек 2025 ж.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жұмысын ұйымдастыру.
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын жаңадан сайлау, бекіту.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі қамқоршылық кеңестің жалпы ережелері, сайлау тәртібі мен құрамы, негізгі атқаратын қызметі, өкілеттілігі жайлы айтып өтті.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы қағидаларға сәйкес «Қамқоршылық кеңес» осы білім беру ұйымында білім алушылардың құрылтайшысы мен ата-аналарының бастамасы бойынша жалпы жиналыста құрылуы мүмкін екенін түсіндірді. Қамқоршылық кеңестің құрамы үш жыл мерзімге сайланады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы кеңестің мүшелерінің бекіткен құрамымен және жылдық жоспарымен таныстырып өтті.

ҚАУЛЫ:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылып, кеңес мүшелері міндеттері бойынша жұмыс атқарсын.
2. Қажеттілігіне қарай жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекеленген өзгерістер енгізілсін.
3. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар төраға басшылығымен орындалсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Жумабекова К.У

Хатшысы: Төлепбергенова Ж.Т

Scanned with CamScanner

«Ережеп» бөбекжай балабақша

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «15» қаңтар 2026 ж.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Біртұтас тәрбие – адал азамат» бағытын балабақшада жүзеге асыру жолдары.
2. Балаларға адамгершілік, адалдық, жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру.
3. Ата-аналармен бірлескен тәрбие жұмысының жоспары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі «Біртұтас тәрбие – адал азамат» бағдарламасының маңыздылығы туралы баяндап, оның негізгі мақсаты – балаларды отансүйгіштікке, адалдыққа, үлкенді сыйлауға, тәртіпті болуға тәрбиелеу екенін атап өтті.

Әдіскер балалардың бойында адалдық, достық, еңбекқорлық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға арналған күнделікті ұйымдастырылатын іс-әрекеттер туралы ақпарат берді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ата-аналар комитетінің өкілі ата-аналардың балабақшадағы тәрбие жұмысына белсенді қатысуы туралы ұсыныс айтты.

ҚАУЛЫ:

1. «Біртұтас тәрбие – адал азамат» бағыты балабақшаның жылдық тәрбие жоспарына енгізілсін.
2. Тәрбие сағаттары мен ойын сабақтарында «адал азамат» тақырыбы жүйелі жүргізілсін.
3. «Отбасы + балабақша = біртұтас тәрбие» қағидаты негізге алынып, ортақ тәрбиелік іс-шаралар өткізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Жумабекова К.У

Хатшысы: Төлепбергенова Ж.Т

Scanned with CamScanner

«Ережеп» бөбекжай балабақша

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «18» наурыз 2026 ж.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтуға қамқоршылық кеңестің қаражаттарын қолдану бағыттарын, нысандарын, өлшемдерін және тәртібін белгілеу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Мекеме басшысы сөз сөйлеп, мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту қажеттілігі туралы айтты. Балалардың сапалы білім алып, қауіпсіз әрі қолайлы ортада тәрбиеленуі үшін оқу құралдарын жаңарту, ойын және дамыту жабдықтарын алу, техникалық құралдарды толықтыру қажеттілігі атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қамқоршылық кеңес мүшелері ұсынысты талқылай отырып, қаражатты пайдалану кезінде балалардың қауіпсіздігі, білім сапасын арттыру және мекеменің материалдық жағдайын жақсарту басты назарда болуы керектігін атап өтті.

ҚАУЛЫ:

1. Мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қамқоршылық кеңестің қаражаттарын оқу және ойын құралдарын сатып алуға, ақпараттық-коммуникациялық техникаларды жаңартуға, қауіпсіздік құрал-жабдықтарын алуға бағыттау белгіленсін.
2. Қаражатты пайдалану барысында ашықтық пен есептілік қамтамасыз етілсін.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылау міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Жумабекова К.У

Хатшысы: Төлепбергенова Ж.Т

Scanned with CamScanner

«Ережеп» бөбекжай балабақша

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «14» мамыр 2026 ж.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындыларын шығару.

ТЫҢДАЛДЫ:

Мекеме басшысы және қамқоршылық кеңес төрағасы сөз сөйлеп, 2025-2026 оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оқу жылы барысында қамқоршылық кеңестің қолдауымен мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасау, түрлі тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру, ата-аналармен байланыс жұмыстарын дамыту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілгені атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қамқоршылық кеңес мүшелері оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, алдағы уақытта да мекеменің дамуына қолдау көрсету қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ:

1. 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы жұмыстар алдағы оқу жылында да жалғастырылсын.
3. Алдағы 2026-2027 оқу жылына арналған ұсыныстар келесі отырыста қарастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Жумабекова К.У

Хатшысы: Төлепбергенова Ж.Т

Scanned with CamScanner